

Қазақстан Республикасы  
білім және ғылым Министрінің  
2018 жылғы 20 қыркүйектегі  
№ 469 бұйрығына 21-қосымша

Қазақстан Республикасы  
білім және ғылым Министрінің  
2013 жылдың 3 сәуіріндегі  
№ 115 бұйрығына 461-қосымша

Есту қабілеті бұзылған (нашар еститін, кейіннен естімей қалған) білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-7 сыныптары үшін «Математика» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Есту қабілеті бұзылған (нашар еститін, кейіннен естімей қалған) білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-7 сыныптары үшін «Математика» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы б) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. Оқу пәнінің мақсаты болып сан түсінігін жүйелі дамыту, сандармен арифметикалық амалдарын ауызша және жазбаша орындау қабілетін болдыру, практикалық есептерді математика тіліне аудару, геометриялық фигураларды зерттеу, тану және бейнелеу, білім алушыларды алгебра және геометрия жүйелі курстарын үйренуге дайындау, білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру, соның ішінде өзге де оқу пәндерімен біріктіре отырып, жасына сәйкес оқу-танымдық, оқу-практикалық және күнделікті тұрмыстық мәселелерді шешу барысында математикалық білімдерін қолдану қабілетіне ие болулары табылады.

3. Нашар еститін және кейіннен естімей қалған білім алушыларға математиканы оқытудың негізгі міндеттері:

1) математикалық білімдерін, қабілеттері мен дағдыларын дамыту;  
2) базалық дайындықтың негізі ретінде білімдері мен қабілеттерін қалыптастыру: маңызды шамалар бірліктерінің атаулары мен белгілерін – ұзындықтың (км, м, дм, см, мм), массаның (т, ц, кг, г), ауданның ( $m^2$ ,  $dm^2$ ,  $cm^2$ , га, а), жылдамдықтың (км/сағ, м/с), уақыттың (сағат, мин, с);

3) миллионның ішіндегі сандарды санау, жазу және салыстыру; күрделі емес ауызша есептеулерді орындау; жазбаша есептеулерді орындау; арифметикалық амалдардың компоненттерін және қарапайым сандық өрнектерді атау;

4) амалдар және олардың ерекшеліктерінің орындалу тәртібінің ережелерін білу негізінде үш-төрт арифметикалық амалдарды қамтитын сандық өрнектердің мәнін есептеу (соның ішінде жақшаның ішіндегі өрнектердің);

5) «мынынша аз», «мынанша көп», «мынанша есе аз», «мынанша есе көп» дегенге қатысты әрбір амалдар мен мәндерді ашатын мәтіндік қарапайым арифметикалық тапсырмаларды шешу; маңызды мәндер арасындағы қатыстылық білімін қолданатын құрамдас тапсырмаларды шешу;

6) қарапайым геометриялық фигураларды (нүкте, кесінді, бүгілме сызық, шеңбер, көпбұрыш) тану және бейнелеу (циркуль мен сызғыштың көмегімен торлы парақта); кесіндінің, бүгілме сызықтың ұзындығын өлшеу; берілген ұзындықта кесінді салу; тікбұрыштың периметрі мен ауданын есептеу;

7) екі таңбалы сандарды қосу және алу, екі таңбалы санды біртаңбалыға бөлу және көбейту сияқты күрделілік шеңберіндегі есептердің арифметикалық амалдарын ойша жүргізу; жазбасында бірнеше ондық разряды бар натурал сандарын қосу, алу, көбейту және бөлу (разрядтан разрядқа өту және сан жазбасында нөлдерді пайдалану сияқты күрделі жағдайларды қосқанда); жай бөлшектермен арифметикалық амалдар орындау;

8) ондық бөлшектермен арифметикалық амалдар орындау, ондық бөлшектерді дөңгелектеу; бүтін сандардан, жай және ондық бөлшектерден тұратын сандық амалдардың мәнін табу; Бағдарламада көрсетілген формулалар бойынша есептеулер жүргізу; мәтіндік есептердің шарты бойынша сандық және әріптік амалдар, пропорциялар мен сызықтың теңдеулер құрастыру; жақшаларды ашу мен ұқсас қосылғыштарға келтіру сияқты амалдарды қолдана отырып қарапайым сызықтық теңдеулерді шешу; арифметикалық амалдар және теңдеулер көмегімен мәтіндік есептер шығару (бөлшектер және пайыздар бойынша негізгі есептерді қосқанда);

9) Бағдарламада көрсетілген геометриялық фигураларды тану және бейнелеу; сызғыш, бұрыштық, транспортир және циркульдің көмегімен қарапайым өлшеулер жүргізу;

10) коммуникативтік дағдыларын дамыту, соның ішінде ақпаратты анық және сауатты беру қабілетін, түрлі дереккөздерінің ақпаратын пайдалану, соның ішінде басылымдар мен электрондық құралдарды;

11) дербестік, жауапкершілік, ынталылық, табандылық, шыдамдылық пен төзімділік сияқты, өзіндік жұмысына да, командалық жұмысқа да қажетті тұлғалық қасиеттерін дамыту;

12) ғылым ретіндегі математиканың даму тарихымен, математикалық терминдерінің пайда болуымен таныстыру;

13) математиканы оқыту процесі барысында ақпараттық-коммуникациялық технологияларын пайдалану дағдыларын дамыту;

14) жалпы білімділігі үшін математиканың мағынасын түсінуін қамтамасыз ету.

4. Түзеу тапсырмалары әрбір математика сабақтарында міндетті болып табылады және мыналарды қамтиды:

1) сөйлеу тілімен жұмыс – математикалық амалдар мен терминдерді сөзбен айту; есту арқылы қабылдауды дамыту; білім алушының есту арқылы қабылдауын және түзеу талаптарын ескере отырып, ерін арқылы оқу;

2) ауызша тілді қабылдауға және қайталап айтуға үйрету, диалогтарды және қатынас дағдыларын кең қолдану барсында ауызша қатынасты белсендету, қалыптасқан сөйлеу дағдыларын бекіту, ауызша тіл негізінде қатынас жасау ықыласы мен қабілетін дамыту, тілді есту-көру және есту арқылы қабылдауын дамыту;

3) білім алушыны мақсатты және жүйелі түрде сөйлуге, дыбыстық және ырғақтық-интонациялық сөйлеу құрылымын қалпына келтіріп айтуға ынталандыру.

## 2-тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер

5. Негізгі орта білім берудің математика бойынша бағдарламасы, нашар еститін және кейін естімей қалған білім алушылардың жекеленген қабілеттерін, танымдық уәждемесі мен оқу қабілетін дамыту арқылы қамтамасыз етілетін ерекше білімдік қажеттіліктерін ескере отырып, тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етеді.

6. Бағдарлама мыналарды қамтамасыз етуге бағытталған:

1) нашар еститін және кейін естімей қалған білім алушылардың негізгі орта білімнің сапалы деңгейін тең мүмкіндікте алуы;

2) нашар еститін және кейін естімей қалған білім алушыларға арналаған бастауыш және орта білім берудің негізгі білім беру бағдарламаларының сабақтастығы;

3) негізгі орта білім берудің бейімдеушілік бағдарламасының жүзеге асырылуына және білім алушылардың оны тиімді меңгерулеріне, соның ішінде барлық білім алушылардың жекелік дамуына жағдайлар жасалуы.

7. Бағдарламаның негізіне әрекетшілдік және саралап оқыту тәсілдері енгізілген. Олардың жүзеге асырылуы келесіні қарастырады:

1) есту бұзылымдары бар балаларға арналған арнайы (түзету) мектебінде сыныптарды баланың естімеу деңгейін және сонымен бірге жүретін бала дамуының жастық және диагностикалық ерекшеліктерін есепке ала отырып, құрастырады;

2) сөйлеуді дамыту ерекшеліктерін есепке алу; есту бұзылымының деңгейі; білім алушының танымдық қызметінің ерекшеліктерін;

3) оқу мазмұны минималды базалық білімді және дағдыларын игеруді;

4) нашар еститін және кейін естімей қалған білім алушылардың ерекше қажеттіліктерін ескере отырып, олардың тұлғалық және танымдық әлеуметтік даму деңгейіне қол жеткізудің жолдары мен тәсілдерін анықтайтын негізгі орта білім берудің мазмұны мен технологиясын әзірледі;

5) нашар еститін және кейін естімей қалған білім алушыға білім берудің мақсаты мен негізгі нәтижесі болатын, Бағдарламаның жүйе қалыптастырушы компоненті ретінде білім беру нәтижелеріне бағытталуын;

б) шығармашылық әлеуетінің, танымдық уәждемелерінің өсуін, танымдық қызметінде қатарластары мен үлкен адамдармен өзара әрекет ету түрлерінің баюын қамтамасыз ету үшін, әрбір нашар еститін және кейін естімей қалған білім алушының жекелей дамуы мен білім беру процесінің ұйымдастырушылық формаларының әрқилы болуын қарастырады.

8. Есту қабілетінің бұзылымдары бар білім алушылар топтарының айқын көріністегі әртектілігіне қарамастан, жалпы білім алуларымен қатар ерекше білімдік қажеттіліктері де орын алады:

1) арнайы оқыту алғашқы даму бұзылымдары анықтала салысымен басталуы; оқыту мазмұнына арнайы бөлімдерді енгізу; оқытудың арнайы әдістерін, тәсілдерін және оқу құралдарын қолдану (соның ішінде арнайы компьютерлік технологияларын); оқытудың даралануы, ерекше кеңістіктік және уақыттық білім беру ортасын қамтамасыз ету; кең әлеуметпен әлеуметтік байланысын максималды кеңейту;

2) білім беру саласының мазмұны және сабақтан тыс қызметі, сонымен бірге жекелік жұмыс процесі барысында жүзеге асатын түзеу-дамыту процесінің үздіксіздігі;

3) бейімдеушілік білім бағдарламасын меңгеру мерзімдерін ұлғайту; арнайы педагогикалық тұрғыда құрылған естүілдік ортада сөйлеу тіліне үйрету бойынша (ауызша және жазбаша түрде) арнайы жұмыстар; оқу-танымдық процесі барысында бұзылымды функцияларының өтемі ретінде сөйлеу тілін белсенді қолдану, сөйлеу бұзылымдарын түзету бойынша арнайы жұмысты жүзеге асыру;

4) дыбыс әлемін қабылдау мүмкіндіктерін қалыптастыру және дамыту бойынша арнайы жұмыстар – тілдік емес дыбыстарды және тілді естіп қабылдау, ауызша тілді, оның сөйлеу жағын есту-көру арқылы қабылдау, күнделікті өмірде өзінің есту мүмкіндіктерін пайдалану қабілетін қалыптастыру, дыбыс ұлғайту аппаратын дұрыс қолдану, оның күйін қадағалау, қолайсыздық болған жағдайда жедел көмек сұрау;

5) тілдің сөйлеу жағын қалыптастыру және түзеу бойынша арнайы жұмыс; коммуникациялық жағдайдың барлық спектрі бойынша сөйлеу тілін қолдану қабілетін меңгеру (сұрақтар қою, келісу, өз пікірін білдіру, ойлары мен сезімдерін талқылау), мағынасын толықтыру және анықтау үшін дауыс үнін, екпінін, табиғи ымдарды қолдану, топтық әңгіме жүргізу қабілеті;

б) эмоциялық жайлылық жағдайын, болып жатқанның реттілігі мен болжамдылығын қамтамасыз ететін оқу жағдайлары, педагогтың есту қабілетінің бұзылымы бар балаға өзін мектепте және сыныпта жақсы қабылданатыны, басқаларға ұнайтыны, қиындық туғанда көмекке келетіндері жайында сенім беруі.

9. Оқытудың міндетті нәтижелерінің жоспарлануына олардың нәтижелеріне тұрғылықты бақылау жүргізу, артта қалғандарға тиімді көмек көрсету кіргізіледі; сонымен бірге барлық білім алушылардың оқуын міндетті минималдық талаптар деңгейімен шектеуге болмайды; білім алушылардың математикалық қабілеттерін толықтай ашуға ұмтылыс жасау өте маңызды.

10. Сабақтарды жоспарлау және ұйымдастыру барысында математикалық есептерді шығару кезінде (арифметикалық, алгебралық, геометриялық) теориялық материалды ұғыну мен меңгеруі, бұлар білім алушының математикалық дамуының мақсаты және құралы болатыны қарастырылады.

11. Теорияны оқыған кезде де, математикалық есептер шығарған кезде де, оқу процесіне жұмыстардың ауызша және жазбаша түрлерін рационалды үйлестіре отырып, бағдар беріледі; оқулықпен жұмыс істеулеріне назар аудару (мұғалімнің түсіндіргенінен кейін мәтінді оқуы, бақылау сұрақтарын қолдана отырып белгілі материалды өз бетінше оқып үйренуі, есеп мәтінінің немесе теореманың қысқаша жазбасын, тиісті суретін орындауы).

12. Оқу процесінің тиімділігін қамтамсыз етуде өткен материалды бекіту мен қайталау, курстың кейінгі бөлімдерінде тірек білімдерін жүйелі түрде қолдану маңызды рөл атқарады.

13. Істің маңызын түсінуге негізделген ережелер мен формулаларды механикалық тұрғыда есте сақтау ғана емес, саналы түрде қодану, білім алушыға ұсынылған есептердің, жаттығулар мен сұрақтардың дұрыс таңдалуына ықпал жасайды.

14. Көп жағдайларда формулаларды жаттау анықтаманы қолдану дағдысына айырбасталуы.

15. Оқу процесін тиімді ұйымдастырудың маңызды шарты болып оқу жабдықтары мен көрнекі құралдарды максималды қолдану табылады. Оқытудың техникалық құралдарының үлгілері:

1) магниттік бекітілуі бар сандар, әріптер, белгілер жиынтығы;  
2) аудандар мен көлемдерді өлшеу бойынша зертханалық жұмыстарға арналған үлгілер жиынтығы;

3) «Бөліктер және бөлшектер» жиынтығы;

4) топсалық (шарнирлік) үлгілер жиынтығы.

16. Құрал-саймандар, құрылғылар:

1) координаталық торлы магниттік тақта;

2) сыныптық құрал-саймандар жинақталымы: сыныптық сызғыш, сыныптық транспортир, сыныптық бұрыштама, сыныптық циркуль.

17. Параболалар трафареттерінің жиынтығы.

18. Баспалық құралдар:

1) атақты математик ғалымдар - портреттер топтамасы;

2) математика кестелері - 5-7 сыныптарға (және оларға қатысты үлестірме материал);

3) алгебра кестелері – 8-10 сыныптар (және оларға қатысты үлестірме материал);

4) геометрия кестелері – 8-10 сыныптар (және оларға қатысты үлестірме материал);

5) үлестірімелік материалдар – 5-10 сыныптар;

6) баспалық негізі бар дәптер – 5-10 сыныптар (Жұмыс дәптері – оқулыққа);

7) нұсқалар бойынша өзіндік жұмыстар өткізуге арналған материалдар - 5-10 сыныптар.

19. Сыныптар бойынша математикалық терминдер жинақталымы (сөздіктік жұмыс) 5-10 сыныптар.

20. 5-10 сыныптар тақырыптары бойынша DVD дискілер.

21. 5-10 сыныптар тақырыптары бойынша стендтер және транспаранттар.

22. Техникалық құралдар: компьютер.

23. Интерактивтік тақта.

### 3-тарау. «Математика» оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

24. «Математика» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 5-сыныпта – аптасына 5 сағат, оқу жылында 170 сағатты;

2) 6-сыныпта – аптасына 5 сағат, оқу жылында 170 сағатты;

3) 7-сыныпта – аптасына 5 сағат, оқу жылында 170 сағатты құрайды.

25. «Математика» оқу пәнінің мазмұны келесі бөлімдерді қамтиды:

1) 1-бөлім «Арифметика»;

2) 2-бөлім «Алгебра элементтері»;

3) 3-бөлім «Геометрия элементтері».

26. «Арифметика» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) натурал сандар;

2) сандық өрнектер;

3) шамалар;

4) натурал сандардың бөлінгіштігі;

5) жай бөлшек;

6) ондық бөлшек;

7) оң және теріс сандар.

27. «Алгебра элементтері» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) айнымалылармен өрнектер;

2) пропорциялар: қатынастар мен пропорциялар;

3) координаталардың тікбұрыштық жүйесі;

4) кестелер, графиктер.

28. «Геометрия элементтері» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) геометриялық фигуралар;

2) өлшеулер мен құрылымдар.

29. 5-сыныпқа арналаған «Математика» оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) нөмірлеу. Шамалар. 4-сыныптың курсы қайталау;

2) 1 ден 1000000ға дейін сандар. Заттарды ондықтармен, жүздіктермен, мыңдықтармен санау. Бірінші және екінші кластар мен разрядтардың атаулары. Миллион шеңберіндегі сандарды оқу және жазу. Санның құрамы, санды разрядтық бірліктер қосындысына ауыстыру. Нөмірлеу білімі негізінде көпмәнді сандарды салыстыру. Нөмірлеу білімі негізінде қосу және алу. Геометриялық фигураларды әріптермен белгілеу. 1000 шеңберінде ауызша және жазбаша есептеулер. Үйренген есептерді шығару;

3) шамалар. Шамалар және олардың өлшемдері жөнінде бар ұғымдарын қорыту, ұзындық (миллиметр), масса (центнер, тонна), уақыт (секунд, ғасыр) сияқты жаңа бірліктер жөнінде нақты ұғымдарын қалыптастыру. Әрбір шаманың барлық үйренген бірліктері арасындағы ара қатысы (ұзындық, масса, уақыт бірліктерінің кестелері). Қалдықпен бөлу, бөлуді тексеру. Шамалар жөніндегі білімдерін қолданып, арифметикалық есептер шығару;

4) арифметикалық амалдар. Амалдардың орындалу реті. Арифметикалық амалдардың атаулары мен белгілері, мағынасы. «Арифметикалық амалдар», «Сандық өрнек», «Өрнектің мәні» терминдерінің мағынасы. Екі немесе одан көп жақшасы бар өрнектердің мәнін тапқан кезде немесе жақшаның ішіндегі екі немесе одан көп амалдарды орныдағанда, амалдарды орындау реті жайлы ережелер. Үйренген есептер түрлерін шығару;

5) қосу және алу. Қосудың ауыстырмалық және тіркестірімелік қасиеттері. Қосу барысындағы нөлдің қасиеттері. Қасиеттерін әріптер көмегімен жазу. Көп таңбалы сандарды қосу және алу. Қосу мен алудың ауызша және жазбаша тәсілдері. Амалдардың мәндерін табу. Қарапайым теңдеулерді шешу. Шамаларды ауызша және жазбаша қосу және алу, соның ішінде мәндерінің бірін біркелкі атаулар бірлігіне аударғанда. Есептерді шығару: а) жанамалық түрде берілген; б) қарапайым теңдеу құрауға; в) барлық негізгі жай және күрделі түрлердің;

б) бір таңбалы санға көбейту. Көбейтудің ауыстырмалық және тіркестірімелік қасиеттері. 0 мен 1 дің көбейткендегі қасиеттері. Көбейтудің қосуға (алуға) қарасты таратушылық қасиеті. Көп таңбалы санды бір таңбалыға көбейту. Көбейтудің ауызша және жазбаша тәсілдері. Қарапайым теңдеулерді шешу. Пропорционалды бөлу есептерін және алдағы үйренген есептер түрлерін шығару;

7) бір таңбалы санға бөлу. Көп таңбалы санды бір таңбалыға бөлу. Қосындыны санға бөлу. 0 мен 1 дің бөлгендегі қасиеттері. Қасиеттерін әріптер көмегімен жазу. Қарапайым теңдеулерді шешу. Амалдардың мәндерін табу. Жылдамдықты, уақытты және жолын табу есептерін шығару. Арифметикалық ортақ. Есептер шығару: әр түрлерді пропорционалды бөлуге; жанамалық түрде берілген санды бірнеше есе көбейту және азайтуға;

8) тікбұрыштың ауданы (шаршының) (17 сағ.) Фигуралар аудандары, фигуралар аудандарын түрлі тәсілдермен салыстыру. Палетканың көмегімен фигуралар аудандарын табу. Ауданның өлшеу бірліктері және олардың арасындағы байланыс:  $\text{мм}^2$ ,  $\text{см}^2$ ,  $\text{дм}^2$ ,  $\text{м}^2$ . Берілген қабырғаларымен

тікбұрыштың (шаршының) ауданы. Қалдықпен бөлу және оны тексеру. Тікбұрыштың (шаршының) қабырғаларының бірін табу есептерін шығару. Теңдеулерді шешу;

9) нөлмен аяқталатын сандарға көбейту. Нөлмен аяқталатын сандарға ауызша және жазбаша көбейтудің тәсілдері. Көбейткіштерді топтастыру тәсілдері. Көбейтудің қасиеттері. Амалдардың мәндерін табу. Барлық түрлердің бірмезгілде қарсы жүру есептерін шығару;

10) нөлмен аяқталатын сандарға бөлу. 10 және 100 қалдығымен бөлу тәсілдері, нөлмен аяқталатын сандарды ауызша және жазбаша бөлу тәсілдері. Нөмірлеу білімдеріне сүйенетін бөлу тәсілдері және санды көбейтіндіге бөлудің түрлі тәсілдері. Өзара байланыс тәсілімен төртінші пропорционалды табу есептерін және денелер бірмезгілде бір нүктеден қарамақарсы бағыттарда жылжыған жағдайдағы есептерді шығару;

11) екі таңбалы санға көбейту. Санды қосындыға көбейту қасиетін қолдана отырып екі таңбалы санға көбейту тәсілдері. Амалдардың мәндерін табу. Қарапайым теңдеулерді шешу. Екі айырма бойынша белгісіздерді табу есептерін шығару;

12) үш таңбалы санға көбейту. Үш таңбалы санға көбейту тәсілдері. Амалдардың мәндерін табу. Қарапайым теңдеулерді шешу. Есептер шығару.

13) екі таңбалы және үш таңбалы санға бөлу. Екі таңбалы санға жазбаша бөлу тәсілдері (өз бетінше орындай алу). Үш таңбалы санға жазбаша бөлу тәсілдері (мұғалімнің көмегімен орындау). Амалдардың мәндерін табу. Қарапайым теңдеулерді шешу. Екі айырма бойынша белгісіздерді табу есептерін және де бірлескен жұмыс есептерін шығару;

14) білімдерін жүйелеу және қорытынды қайталау.

30. 6-сыныпқа арналаған «Математика» оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) 5-сыныптың математика курсы қайталау;

2) натурал сандар және олармен жасалатын амалдар. Натурал сандар және нөл. Натурал сандарды оқу және жазу. Натурал сандарды салыстыру. Натурал сандарды қосу, алу, көбейту және бөлу. Нөлмен және бірмен жасалатын амалдар. Сандық өрнектер. Санның квадраты, кубы. Амалдар реті. Жақшалар. Өрнектерді әріптер көмегімен жазу. Әріптік өрнектің сандық мәні. Формулалар бойынша есептеулер. Теңдеу жайлы түсінік;

3) натурал сандармен жүргізген арифметикалық амалдар қасиеті. Қосу және алу. Қосудың ауыстырмалық және тіркестірімелік қасиеттері. Көбейту және бөлу. Көбейтудің ауыстырмалық және тіркестірімелік қасиеттері. Көбейтудің таратушылық қасиеті. Арифметикалық амалдар қасиеттерін әріптер көмегімен жазу. Қалдықпен бөлу;

4) бөлшек сандар. Бөліктер . Жай бөлшектер. Жай бөлшектерді оқу және жазу. Бөлшектің алымы мен бөлімі. Дұрыс және бұрыс бөлшектер. Санның бүтін және бөлшек бөлімдері. Бөлшек санның бүтін бөлігін ажырату. Жай бөлшектерді бірдей бөлімдермен салыстыру. Жай бөлшектерді бірдей бөлімдермен қосу және алу;



5) ондық бөлшектер. Ондық бөлшек. Ондық бөлшектерді оқу және жазу. Ондық бөлшектерді салыстыру. Ондық бөлшектерді дөңгелектеу. Санның жуық мағынасы;

б) ондық бөлшектермен арифметикалық амалдар. Ондық бөлшектерді қосу және алу. Ондық бөлшектерді 10, 100, 1000-ға көбейту және бөлу. Ондық бөлшектерді көбейту және бөлу. Арифметикалық ортақ. Микрокалькулятор жайлы бастапқы мәліметтер;

7) пайыз. Пайыздар. Пайыздармен негізгі есептер: берілген санның пайызын табу, берілген пайыздар бойынша санды табу, берілген екі санның пайыздық қатынасын табу. Кестелер мен диаграммалар мысалдары. Адамның практикалық жұмысындағы есептеулер (әңгіме);

8) геометриялық шамаларды өлшеу. Геометриялық фигуралар: кесінді, түзу, сәуле. Сызғыш. Кесіндінің ұзындығы. Ұзындықтарды өлшеу бірліктері: метр, сантиметр, миллиметр, километр. Берілген ұзындықтағы кесінділерді салу. Шеңбер мен дөңгелек. Циркуль. Дөңгелек диаграммалар. Бұрыш. Бұрыштың шамасы (градустық өлшем). Транспортир. Бұрыштарды өлшеу. Берілген шамадағы бұрышты салу. Тік бұрыш. Бұрыштық. Үшбұрыш. Үшбұрыш қабырғалары мен бұрыштары. Тік төртбұрыш. Тік төртбұрыш ауданы. Аудандардың өлшеу бірлігі: шаршы метр, шаршы сантиметр, шаршы миллиметр, шаршы километр, гектар. Жалпақ фигураның ауданы жайлы түсінік. Текше. Тікбұрышты параллелепипед. Текше мен тікбұрышты параллелепипедтің көлемі. Көлемдердің өлшеу бірлігі: текше метр, текше сантиметр, текше миллиметр, текше километр, литр;

9) 6-сыныптың математика курсын қайталау. Есептер шығару.

31. 7-сыныпқа арналаған «Математика» оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) 6-сыныптың математика курсын қайталау;

2) сандардың бөлінгіштігі. Натурал сандардың бөлінгіштігі. Бөлгіштер мен натурал санның бөлінгіші. Жұп және тақ сандар. 2, 5, 10, 3 және 9-ға бөлінгіштік белгісі. Қалдықпен бөлу. Жай және құрама натурал сандар. Жай сандар кестесі. Натурал санды жай көбейткіштерге жіктеу. Екі натурал санның ең көп ортақ бөлгіші және ең аз ортақ бөлінгіші;

3) жай бөлшектермен арифметикалық амалдар. Бөлшектің негізгі қасиеті. Бөлшектерді қысқарту. Екі бөлшекті ең аз ортақ бөлгішке келтіру. Бөлшектерді салыстыру. Еркін бөлгішті бөлшектерді қосу және алу. Бөлшектерді көбейту. Өзара кері сандар. Бөлшектерді бөлу. Бөлшектері бар сандық өрнектердің мәнін есептеу. Бөлшектермен негізгі есептер. Санның бөлшегін табу, бөлшек бойынша санды табу, екі санның еселі қатынасын табу;

4) қатынастар мен пропорциялар. Қатынастар. Пропорциялар. Пропорцияның негізгі қасиеті. Пропорциялар көмегімен есептер шығару. Шамалардың тура және кері пропорционалдығы жайлы түсінік. Масштаб. Шеңбердің ұзындығы мен дөңгелектің ауданы;

5) оң және теріс сандар. Оң және теріс сандар. Бүтін сандар. Қарама қарсы сандар. Сан модулі, оның геометриялық мағынасы. Сандарды салыстыру;

6) рационал сандар. Рационал сандар. Рационал сандармен арифметикалық амалдар және олардың қасиеттері. Рационал сандармен амалдары бар арифметикалық есептеулер орындау. Өлшеу нәтижесі ретіндегі сан жайлы түсінік. Шексіз ондық бөлшектер мысалдары. Сандарды түзуде нүктемен белгілеу. Нүктенің координатасы. Берілген координатадағы екі нүкте арасы қашықтығының формуласы;

7) жазықтықтағы координаталардың тікбұрышты жүйесі. Перпендикуляр түзулер. Параллель түзулер. Координаталық жазықтық. Нүктенің абсциссасы мен ординатасы. Графиктер мысалдары. Бағаналы диаграммалар;

8) теңдеулерді шешу. Бір белгісізі бар түзу теңдеулерді құру және шешу. Коэффициент. Өріптік өрнектердің қарапайым түрлендірілуі: жақшаларды ашу, құсас қосындыларға келтіру;

9) қайталау. Есептер шығару.

#### 4-тарау. Оқыту мақсаттарының жүйесі

32. Бағдарламада оқыту мақсаттары кодтық белгімен ұсынылған. Кодта бірінші сан сыныпты көрсетеді, екінші және үшінші сандар – бөлімшені, төртінші сан – оқу мақсатының нөмірін. Мысалы, 6.2.1.4 кодтамада «6» – сыныптың, «2.1» – бөлім мен бөлімшенің, «4» – оқу мақсатының нөмірі.

33. Оқыту мақсаттары бойынша күтілетін нәтижелер:

1) 1-бөлім «Арифметика»:

1-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары		
	5-сынып	6-сынып	7-сынып
1.1 Натурал сандар	5.1.1.1 натурал саны мен нөл санының түсінігін білу 5.1.1.2 1 ден 1000ға дейін натурал сандарын оқып, жаза білу 5.1.1.3 миллионға дейін натурал сандарын оқып, жаза білу 5.1.1.4 1 ден	6.1.1.1 натурал саны мен нөл саны түсінігін, цифр түсінігін білу 6.1.1.2 миллион және миллиардтар класы түсінігін білу; 6.1.1.3 натурал сандарын, сонымен бірге миллиардты оқып,	

	<p>1000ға дейін натурал сандарын салыстыра білу</p> <p>5.1.1.5 миллионан ары натурал сандарын салыстыра білу</p> <p>5.1.1.6 амалдар белгілерінің атауларын білу</p> <p>5.1.1.7 сандармен арифметикалық амалдар жасаудың мағынасын түсіну</p> <p>5.1.1.8 арифметикалық амалдардың компоненттерін білу</p> <p>5.1.1.9 арифметикалық амалдардың қарапайым қасиеттерін білу</p> <p>5.1.1.10 нөмірлеуді, разряд және кластарды білу: бірліктердің, мыңдықтардың, миллиондардың</p> <p>5.1.1.11 миллионға дейін сандарды қосу мен алудың ауызша тәсілдерін білу, есептер шығару</p> <p>5.1.1.12 миллион аралығындағы сандарды разрядтан өтпеу арқылы қосу мен алудың жазбаша тәсілдерін білу,</p>	<p>жаза білу</p> <p>6.1.1.4 натурал сандарын, сонымен бірге миллиардты салыстыра білу</p> <p>6.1.1.5 натурал сандарын қосуды және оның қасиеттерін білу, мысалдарды шығарғанда қолдану, есептер шығару</p> <p>6.1.1.6 натурал сандарын алуды және оның қасиеттерін білу, мысалдарды шығарғанда қолдану, есептер шығару</p> <p>6.1.1.7 натурал сандарын көбейтуді және оның қасиеттерін білу, мысалдарды шығарғанда қолдану, есептер шығару</p> <p>6.1.1.8 натурал сандарын бөлуді және оның қасиеттерін білу, мысалдарды шығарғанда қолдану, есептер шығару</p> <p>6.1.1.9 қалдықпен бөлуді орындау, қалдықпен бөлгенде бөлінгішті табу,</p>	
--	---	--	--

	<p>есептер шығару 5.1.1.13 миллион аралығындағы сандарды разрядтан өту арқылы қосу мен алудың жазбаша тәсілдерін білу, есептер шығару 5.1.1.14 миллион аралығындағы сандарды көбейту мен бөлудің ауызша тәсілдерін білу 5.1.1.15 миллион аралығындағы сандарды көбейту мен бөлудің жазбаша тәсілдерін білу, есептер шығару 5.1.1.16 бір таңбалы санға көбейту тәсілдерін білу, есептер шығару 5.1.1.17 бір таңбалы санға бөлу тәсілдерін білу, есептер шығару 5.1.1.18 қалдықпен бөлуді орындау және тексеру 5.1.1.19 арифметикалық ортақ түсінігін білу және таба білу, есептер шығару 5.1.1.20 нөлмен аяқталатын сандарға көбейту тәсілдерін білу,</p>	<p>есептер шығару 6.1.1.10 санның квадратын, кубын табу түсінігін білу, таба білу</p>	
--	--	---	--

	<p>есептер шығару  5.1.1.21 нөлмен аяқталатын сандарға бөлу тәсілдерін білу, есептер шығару  5.1.1.22 санды қосындыға көбейту қасиетін қолдана отырып екі таңбалы санға көбейту тәсілдерін білу, есептер шығару  5.1.1.23 үш таңбалы санға көбейту тәсілдерін білу, есептер шығару  5.1.1.24 екі таңбалы санға бөлу тәсілдерін білу, есептер шығару  5.1.1.25 үш таңбалы санға бөлу тәсілдерін білу, есептер шығару  5.1.1.26 санның құрамын білу, санды жіктей білу  5.1.1.27 шамалар жайлы білімдерін қолдана отырып есептер шығару  5.1.1.28 жылдамдықты, уақытты, қашықтықты табу есептерін шығару  5.1.1.29 бағасын, санын, құнын табу есептерін шығару  5.1.1.30 қарсы</p>		
--	--	--	--

	<p>жүріске есептер шығару 5.1.1.31 қарама қарсы бағыттағы жүріске есептер шығару 5.1.1.32 жанамалық түрде берілген есептерді шығару 5.1.1.33 1000 аралығында қосу мен алудың ауызша тәсілдерін білу 5.1.1.34 қарапайым және күрделі есептер шығару 5.1.1.35 көбейтінділерді топтастыру тәсілін білу 5.1.1.36 әр түрде пропорционалды бөлу есептерін шығару 5.1.1.37 жанама түрде берілген бірнеше есе көбейту және азайту есептерін шығару 5.1.1.38 қатынастар тәсілімен төртінші пропорционалды табу есептерін шығару 5.1.1.39 екі айырма бойынша белгісізді табу есептерін шығару 5.1.1.40 бірлескен</p>		
--	--	--	--

	<p>жұмыс есептерін шығару</p> <p>5.1.1.41 санды мынаншаға көбейту және азайту түсінігін білу, есептер шығару</p> <p>5.1.1.42 санды мынанша есе көбейту және азайту түсінігін білу, есептер шығару</p> <p>5.1.1.43 бұрынғы өткен есептерді шығара білу</p> <p>5.1.1.44 қосудың ауыстырмалық және тіркестірмелік қасиетін, нөлдің қасиетін білу</p> <p>5.1.1.45 көбейтудің ауыстырмалық және тіркестірмелік қасиетін, нөлдің және бірдің қасиетін білу</p> <p>5.1.1.47 қосындыны санға бөлуді орындау;</p> <p>5.1.1.48 нөлмен аяқталатын сандарға ауызша көбейту тәсілдерін білу</p> <p>5.1.1.49 нөлмен аяқталатын сандарға көбейту барысында көбейту қасиеттерін</p>		
--	---	--	--

	<p>қолдану 5.1.1.50 нөлмен аяқталатын сандарға ауызша бөлу тәсілдерін білу 5.1.1.51 нөлмен аяқталатын сандарға қалдықпен бөлу тәсілдерін білу 5.1.1.52 нөмірлеу білімдеріне және санды көбейтіндіге бөлудің түрлі тәсілдеріне сүйенетін, бөлу тәсілдерін білу 5.1.1.53 тікбұрыштың, шаршының жақтарын табу есептерін шығару</p>		
1.2 Сандық өрнектер	<p>5.1.2.1 сандық өрнек түсінігін білу 5.1.2.2 сандық өрнек, жақшалық өрнек мәнін табу 5.1.2.3 әріптің белгіленген мәнінде, әріптік өрнектің мәнін табу 5.1.2.4 сандық өрнекте амалдарды орындау тәртібін білу, қолдана білу 5.1.2.5 сандық өрнектердің мәнін таба білу</p>	<p>6.1.2.1 сандық өрнек түсінігін білу 6.1.2.2 сандық өрнектің мәнін таба білу 6.1.2.3 әріптің белгіленген мәнінде, әріптік өрнектің мәнін табу 6.1.2.4 сандық өрнекте амалдарды орындау тәртібін білу, қолдана білу 6.1.2.5 қандай да болмасын өрнектің мәнін формула бойынша</p>	



		табу	
1.3 Шамалар	<p>5.1.3.1 ұзындық түсігінін білу, таба білу</p> <p>5.1.3.2 аудан түсігінін білу, таба білу</p> <p>5.1.3.3 масса түсігінін білу, таба білу</p> <p>5.1.3.4 уақыт түсігінін білу, таба білу</p> <p>5.1.3.5 бағасы, саны, құны түсігінін және араларындағы байланыстылықты білу</p> <p>5.1.3.6 ұзындықтың өлшем бірліктерін білу</p> <p>5.1.3.7 ауданның өлшем бірліктерін білу</p> <p>5.1.3.8 массаның өлшем бірліктерін білу</p> <p>5.1.3.9 уақыттың өлшем бірліктерін білу</p> <p>5.1.3.10 әр шаманың барлық оқып білген бірліктері арасындағы ара қатынасын білу</p> <p>5.1.3.11 шамаларды мәндерін ауыстыра отырып уызша және жазбаша косу</p>	<p>6.1.3.1 жылдамдық, уақыт, қашықтық түсігінін және араларындағы байланыстылықты білу</p> <p>6.1.3.2 тікбұрыштың, шаршының ауданы түсігіні мен өлшемдерін білу</p> <p>6.1.3.3 тікбұрыштың ауданы және жақтары арасындағы байланыстылықты білу</p> <p>6.1.3.4 тікбұрышты параллелепипед түсігіні мен өлшемдерін білу,</p> <p>6.1.3.5 тікбұрышты параллелепипед көлемі мен өлшемдері арасындағы байланыстылықты білу</p> <p>6.1.3.6 ауданның өлшем бірліктерін білу</p> <p>6.1.3.7 көлемнің өлшем бірліктерін білу</p>	

	<p>және алу 5.1.3.12 фигураның ауданы түсінігін білу, аудандарын салыстыра білу 5.1.3.13 палетканың көмегімен фигуралардың аудандарын табу 5.1.3.14 жақтары берілген тікбұрыштың, шаршының ауданын табу</p>		
1.4 Натурал сандардың бөлінгіштігі			<p>7.1.4.1 бөліндіргіш және бөлінгі түсінігін білу, таба білу 7.1.4.2 жұптық және жұпсыздық бегілерін білу, қолдана білу 7.1.4.3 2, 5, 10, 3, 9 ға бөлу белегілерін білу, қолдана білу 7.1.4.4 жай және құрама сандар түсінігін білу, жай сандар кестесін қолдана білу 7.1.4.5 сандарды жай көбейткіштеге орналастыра білу 7.1.4.6 өзара жай сандар түсінігін білу 7.1.4.7 ережесін білу және ол арқылы ең үлкен ортақ бөлгішті табу 7.1.4.8 ережесін білу және ол</p>

			арқылы ең аз ортақ бөліндіні табу
1.5 Жай бөлшек		<p>6.1.5.1 бөлік, жай бөлшек, бөлшектің алымы, бөлімі түсініктерін білу</p> <p>6.1.5.2 бірдей бөлімдері бар бөлшектерді салыстыру түсінігін білу, қолдана білу</p> <p>6.1.5.3 дұрыс және бұрыс бөлшектер түсінігін білу</p> <p>6.1.5.4 бірдей бөлімдері бар бөлшектерді қосу және алу түсінігін білу, қолдана білу</p> <p>6.1.5.5 бөлу мен бөлшек түсінігін білу: бөлшек сызығы бөлу белгісі</p> <p>6.1.5.6 аралас сан бүтін және бөлшектік бөлік түсінігін білу</p> <p>6.1.5.7 бұрыс бөлшектен бүтін бөлігін бөліп шығару</p> <p>6.1.5.8 аралас сандарды қосу және алу түсінігін білу, қолдана білу</p> <p>6.1.5.9 бірдей бөлімдері бар бөлшектерге есептер шығару</p>	<p>7.1.5.1 бөлшектің негізгі қасиетін білу, қолдана білу</p> <p>7.1.5.2 бөлшектерді қысқарту түсінігін білу, қолдана білу</p> <p>7.1.5.3 бөлшектерді ортақ бөлімге келтіру ережесін білу, қолдана білу</p> <p>7.1.5.4 түрлі бөлімдері бар бөлшектерді салыстыру, қосу және алу түсінігін білу, қолдана білу, есептер шығару</p> <p>7.1.5.5 аралас сандарды қосу және алу түсінігін білу, қолдана білу, есептер шығару</p> <p>7.1.5.6 бөлшектерді көбейту ережесін білу, қолдана білу, есептер шығару</p> <p>7.1.5.7 санның бөлшегін табу, есептер шығару</p> <p>7.1.5.8 бөлшектері бар өрнектерді оңайлату үшін үлестірмелік қасиетін қолдану</p> <p>7.1.5.9 өзара кері сан түсінігін білу</p> <p>7.1.5.10 бөлшектерді бөлу ережесін білу, қолдана білу, есептер шығару</p>

			7.1.5.11 бөлшегі бойынша санды табу, есептер шығару 7.1.5.12 бөлшектік өрнек түсінігін білу, олармен өзгертулер жүргізе білу
1.6 Ондық бөлшек		6.1.6.1 бөлшектік сандардың ондық жазбасын білу, ондық бөлшектерді оқи білу 6.1.6.2 ондық бөлшектерді жай бөлшектер түрінде жаза білу 6.1.6.3 ондық бөлшектерді разряды бойынша салыстыра білу 6.1.6.4 ондық бөлшектерді разряды бойынша қосу және алу ережесін білу, қолдана білу, есептер шығару 6.1.6.5 жуық мәні түсінігін білу, сандарды дөңгелектеу 6.1.6.6 ондық бөлшекті натурал санға көбейту түсінігін білу, қолдана білу, есептер шығару 6.1.6.7 ондық бөлшекті натурал санға бөлу	

